

26644

Мухамедия
Жумагалиев

Қанатым



Мұхамедия
Жұмағалиев

Қанатым

Өлеңдер



„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ,
А л м а т ы — 1983

84 Каз 7
Ж 87

Жұмағалиев Мұхамедия.

Ж 87 Қанатым: Өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 1983.— 76 бет.

Мұхамедия Жұмағалиевтің бұл жинағына туған жер, оның тамаша табиғаты, достық, махаббат жайлы жырлары енді. Ақын өлеңдеріне нәзік саздылық, сыршылдық тән.

Каз 2

Ж $\frac{4702230200-049}{402(05)83}$ 85—83

© «Жазушы» — 1983

026644

Бірінші бөлім





ОРАЛАМ СЕНДЕР ЖАҚҚА БІР

Сағынтар көрмегендей көптен бері —
Сәл жырақ туған жерден

кеткен мені

Шақырады қол бұлғап,

Сонда қалған

Өмірімнің балауса көктемдері!

Сағынам

сар самалды дала таңын,

Шырқатқан қиялымның балапанын.

Сағынам

шау тартқан шалдарымды,

Әжелердің —

әжімді алақанын.

Сағынам

бас білмеген бала күнді,

(Шіркін-ай, сағындырмас дала кімді!)

Сағынам

түздің сонау ақ жауынын

Жүгірген түріп алып балағымды.

Кеудемде

 көк құрағын басып тұрып,
Ойнап кеп кетер ме едім асық құрып.
Осынау сағыныш қой,
Мені дәйім
Жүретін туған жерге асықтырып.

...Мені көп шақырмаңдар, таныс белдер,
Таныс белдер!
Тарықсам —
 намыс, дем бер!

Сендер жаққа,
Сеніңдер, оралам бір,
Жақын деңдер,
О, мейлі, алыс деңдер!

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Жаңғырып,
 қайта түледі
Қазақтың байтақ даласы.
Жері бар әсем,
 гүл — өңі,
Аңқыған жұпар ауасы.
Әжімге толы
 тақырдың
Кеудесі бүгін жыртылған.
Мыңдаған жылдар ақының
Бұл жерді
 асқақ жыр қылған.

Жүйрікпен жортсаң
 далада
Жұлдыздай зулап аққайсың.

Қайрылма артқа,
 қарама,
Бөгесін бұдан таппайсың.

Кеңістік.
Жасыл жазықтық.
Осыдан артық не керек?!
Қазақтың әні —
 жарықтық
Құлақтан кетпес керемет!

Аттанып, міне, барамын,
(Өңір — гүл,
 қазір өмір — нұр)
Көңілде —
 жыры даланың,
Көзімде —
 қыры көгілдір.

Жаңа әуен алып
 ағынды
Кеудеден шалқып ұшты әнім.
Тербейді жиі
 жанымды
Аяулы Қазақстаным!

БИКТИК

Туған жер!
Табиғатың сұлу қандай,
Томсарған тау-құзыңда жылу бардай.
Бір уыс топырағың
 ыстық маған,
Мен үшін бір ұрттаған суың балдай.

Шоқтығын
Шыңдарыңның сүйіп бұлт,
Қараймын келбетіңе ұйып тұрып.
Төменге қырандарың қонбау үшін
Қойдың ба тауларыңды
 биік қылып?!

* * *

Туған жерге теңеу таппай
 бөгелем,
Шимайлаппын талай қағаз беттерін.
Жүректерде
Жатталыпты көп өлең,
Сағыныштың
Сан ұшырып кептерін.

Балалықтың өтті-ау сонда базары,
Сонда өтті
 көктем болып күзім де.
Қайғы, қамсыз бал күндердің ажары —
Аңғалдығым,
 әлі жатыр ізімде.

Үйреніппін сонда алғаш күлуді,
Күліп келем, —
Күрсінуім жоқ әлі.
Биікте де үйреніппін жүруді,
Тұрмасам да
 өзгелерден жоғары.

Болса-дағы қаншама алыс,
 қашықтық,
Ауыл жаққа құс боп көңіл ұшады.

...Бар перзентін қойған мәңгі ғашық қып,
Қасиетті-ау туған жердің құшағы!

ПАРЫЗ

Көкшетауым!
«Көкшеңді» көрсем сенің,
Көтеріліп қалады еңсем менің.
Кем сенбедің
 сен маған өзгелерден,
Өзің болдың
 менің де — ең сенгенім.

Көңілімнің
 тасытып көктем-селін,
Алдыңа кеп,
 ақ тұрып айтам сенім:
Ақтамасам
 перзенттік парызымды
О, туған жер,
 ұлың боп қайтем сенің?!

САҒЫНЫШ

Сен жаққа ылғи
 асығып тұрам...
 жеткім кеп,
Космостық мынау
 жылдамдықпенен,
 екпінмен,
Қанатым алғаш
 қатайып барып,
 өзіңнен

Қияға қарап,
қалықтап ұшып
кеттім мен.

Сан айлар самғап...
зымырап қанша
өтер күн,

Сені мен мені
айырса жылдар...
не етермін?!

Сағыныш шіркін,
шыдатпай бір күн...
Әз ұям,

Құсың боп қайта,
сұңқылдап ұшып,
жетермін!

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Төбемнен аппақ нұр төк те,
Шырқатып алшы бір көкке.
Назым бар —
әлі айтпаған,
Жазым бар —
алда гүл-көктем.

Жырым бар —
ешкім жазбаған,
Отым бар —
енді маздаған.
Оң сапар тіле
ұлыңа,
Анамдай дархан әз далам!

Өзіңсіз,
туған жер,
Суы жоқ шөл екем.
Өзіңсіз,
туған жер,
Қуы жоқ көл екем.

Өзіңсіз
күндер де —
Күн емес,
түн екен.

Өзіңсіз
түндер де
Түнекпен бір екен.

Өзіңсіз,
күлкім де —
Күлкі емес,
шер екен.
Өзіңді кім-кімде
Дер:
«Жәннат жер екен!»

Өзіңсіз,
туған ел,
Нуы жоқ жер екем.
Өзіңде, туған жер,
Бақытым,
берекем!

Бурабай баурайында

МАРАЛ МЕН АҚ ҚАЙЫҢ

Табиғат құдіретіне қара мына:
Қалыпты орман мүлгіп,
дала тына.
Әу баста ақ қайыңдар
жаралғандай
Жарасып тұру үшін маралына.

Сыбдырлап қалың жыныс жас құрағы,
Елтітіп жұпарына,
мас қылады.
Адасып үйірінен қалды ма екен,
Мөлтілдеп
жанарына жас тұнады...

Деймін мен:
«Беу, маралым,
батпа уайымға,
Қанып қал құлдыраңдап
шатты ойынға.
Шарқ ұрып,
ұзай алмай жүр ме екенсің,
Серік боп әлде осынау ақ қайыңға?!»

АЙНАКӨЛДЕ

Төсін тіліп
толқынды көл бетінің,
Құлпырады
қыз-аққу келбеті мың.

Қаққандай-ау
таңдайын табиғат та,
Тапқандай-ау
бір сәтке жел де тыным.

Ақ маржанға
малынса бұла мүсін,
Саған қарап,
тамсанып тұрады шың.
...Сұлулықтың тәңірі —
сол ма дерсің,
Сол ма дерсің —
жырдың да бұлағы шын!

КӨГЕРШІНДЕРІМ МЕНІҢ

Күттірмей мені
келетіндеріңді білгем бе,
Шығар едім ғой
шарқ ұрып онда бір белге.
Бір хабар күткем,
әйтеуір, сендер жақтан мен,
Тыншымай жаным
елегізі беріп жүргенге.

Тебіреніп бір сәт
«Айнакөл» анау жай жатқан,
Кеткендей еді
жарқырап аспан, жайнап маң.
Көңілімді «Көкше»
тауына бір-ақ көтеріп,
Көгершіндерім менің,
келдіңдер ұшып қай жақтан?!

АНА ТУРАЛЫ СӨЗ

Аяулы анам Рахима Қожахметқызына

БІРІНШІ СӨЗ

Қанша жыл өтсе
 өзіңнен жетім қалғалы,
Сонша жыл әлі
 бір үміт өшпей жанғалы.
Сағынғаным деп біл
 түсімде жүрсем сені ойлап,
Оянсам егер
 сені іздеп талай таңда әлі.

Көп жылдар өтті
 көңілге кірбің қондырып,
Күйдіріп бірде,
 суығына кейде тоңдырып.
Болмады менде
 басқалардағыдай қос пана,
Сен жәйлі бірақ
 менде бір жақсы болды үміт.

Қалмапты менде
 өзіңнің бір де қол табың,
Сен емес бірақ,
 әке боп қалды қорғаным.
Болған да шығар
 шілдехана мен туғанда,
Іуган күн тойлау
 одан соң менде болмады.

Алтыда едім,
 ақыл жоқ онда менде ешбір,
Асыр сап жүрдім
 сол күні десем, — сенбес кім!

Көп еді-ау сонда
басымнан сипап кеткендер,
Өткенді бірақ
есіне алмас енді ешкім...

Мен-дағы бүгін
ержеттім, ана, ес біліп,
Біреуден ерте,
біреуден енді кеш жүріп.
Жыл өтсін, мейлі,
жанардың жасын құрғатып,
Жүректе бірақ
қалмайды бейнең ескіріп!

ЕКІНШІ СӨЗ

Кетпей қойды
ойымнан анам еш күн, —
Дей алмаймын:
«Болмады панам...
ешкім».

Еркелетер
алдымда болмады ағам,
Еркелейтін
болмады маған ешкім.

Есімде жоқ:
қорғады,
қорлады кім, —
Өлең деген
кеудеме орнады күн.
Бастайтұғын
қияға болмады ағам,
Басатұғын
ізімді болмады інім...

ҮШІНШІ СӨЗ

Аңсатып

Әлі күнге балаң қылық,
Келеді көңілімді алаң қылып.
Асығам ауыл жаққа апта сайын,
Алдымнан шығардай-ақ...
анам күліп.

Алдымнан

Шығардай-ақ аңырап кеп,
Жер кеңіп,
Кетердей-ақ жадырап көк,
Сен жаққа, әйтеуір, мен алып-ұштым,
Сағыныш атты құсым жамырап көп.

Бір кезде

Бала едім ғой содыр-ақ тым,
Бәрін де кеш түсініп,
Соңыра ұқтым.
Білдім мен —
Бал күлкінің кеткенін де
Астында бір-ақ уыс топырақтың!

«Жақсы бол,

Қалма, балам, жаман атқа, —

Деуші едің, —

Үмітімді адал ақта».

Артыңа тастап кеткен сол үмітің —

Аналық ақырғы асыл

аманат па?!

Ойлаумен

Келешегін қыз-ұлыңның,

Жаныңды мұздатты ма сызы мұңның.

О, ана!
Қиындықты көп көрдің де,
Бірін де көрмей кеттің
қызығыңның.

Құрметті
Ел ішінде қадірің де —
Атыңды аңыз етер әлі күнде.
Анашым, тұрса деймін
Жырым менің
Бір сабақ гүлің болып
қабіріңде!

СҮЙЕМІН МЕН

Сүйемін мен
тыныштықты,
тұнық аспан күмбезін.

Ақ тілегім —
баспасыншы
бұлттар нұрлы күн көзін!

Сүйемін мен
шат күлкіні,
пәк күлкіні кәусардай,

Қалмасыншы
күлкі тынып,
ерте семіп гүл сезім.

Сүйемін мен
арайланып
атқанын да таң күліп,

Самалына
кеуде тосып,
қалам сонда жаңғырып.

Сүйемін мен
тыныштықты,
сондықтан да, әр таңым,
Қуаныштың
хабаршысы
болыңдаршы мәңгілік!

СОЛДАТ ШИНЕЛІ

(Қарт жауынгер сыры)

Сұр шинель
Сірә, сен жайлы
Батармын әлі ойға сан.
Көңілге тыншу болмайды,
Күніге киіп қоймасам.

Оқ тескен жерге қарасам,
Жүрегім әлі дір етер.
Жылдарды
Кеткен жара сап,
Жырлауға
қалай тіл жетер...

Қиылды қанша қыршын ер,
Елемей ажал қауіпін.
Сен болдың сонда,
сұр шинель,
Оқ өтпес болат сауытым.

Дәрі ісін
Әлі өшпеген,
Хошпенен иіскей беремін.
Тең келмес саған
ештеңе,
Теңгермес жанға ел ерін!

Жумаспын сені сірә да,
Себебі,
 сіңген қаным бар.
Біз жүрген жерді сұрамай,
Тозаңнан қонған
 таныңдар.

Сұр шинель,
Жайсам — көрпем ең,
Шатыр да болдың жауында.
Шілдеде, сая ең, өртеген,
Су сіңді,
Тамды қаным да.

Тарих бір тұнған —
 өн бойың,
Өркімге бермен ұсына.
Шинелім —
 шағын музейім,
Қастерлеп ілдім тұсыма.

ХАТ

Күндер өтіп жатыр бұлдыр сағымдай,
Менің жұмбақ сырлы болашағымдай.
Хат күтсем де
 күтпеген боп жүрмін мен,
Өздеріңді сағынсам да
 «сағынбай».

Не айтамын,
 не жазамын хатқа бұл?
(Жақсы-ау егер жатсақ бәрін ап қабыл).
Қай тұстарда қай қыздармен жүрсіңдер,
Қайран достар, соғатұғын жатқа жыр?!)

Қлида-дағы ашық болғай жолдарың,
Бар тілегім,

сәлемім де —
сол бәрі.

Назым болсын сендерге айтқан, құрбы-дос,
Хат жазыңдар

тие қалса қолдарың.

ЖЕМІС

(Диқан сөзі)

Мен диқанмын!
Әлдилеумен жер мені,
Өз анамдай құшағында тербеді.
Ер жеткізіп,
Тіледі де оң сапар,
Мендегі көп сұлулықты көр!—
деді.

Қабыл алып,
Жер-ана айтқан ақылды,
Көрдім барып
Бабам еккен дақылды.
Дән тасытқан туған жердің алқабы
Мені де еңбек майданына шақырды.

Жалын атқан
Жұмсап жастық жігерді,
Қандай бақыт гүлдендіру бұл елді!
Еркін еңбек,
ел құрметі,
сенімі

Мені диқан атандырып жіберді.

Кең далада
Көкірегіне сыйған күн,
Диқан болып дән маржанын жиғанмын.
Егін егіп,
 тер де төгіп,
Жемісін
Туған жердің қамбасына құйғанмын.

Гүлзар баққа
Айналдырған тақырын,
Мен диқанмын!
Дарқан дала — жақыным.
Жемісіндей маңдай тердің,
 еңбектің
Жайқалады менің еккен дақылым.

СҮЙІНІШ

Еркебұланға

Әр кез саған
 айқара ашық есігім —
Өкшемді бас,
 өрге талпын,
 өс, інім.

Жақсылықпен
 көгерсін тек көсегең,
Жақсы ісіңмен
 жиі естілсін есімің.

Сенсің менің
 нұр — сезімім,
 жыр үнім,

Сенсің маған
 хас ақиқат,
 шын ұғым.

Ірте жүріп,
ерке күліп,
өсші тез,
Еркебұлан —
ерке лағым,
құлыным!

Сен келген соң
келді менің сән-күйім,
Қуандым ғой,
қуанғандай ел дүйім.
Сүйіншіңе
мінгізермін тай әлі,
Бұл өлеңім —
бесік жырың,
әлдің!

ТАҢ НҰРЫ

Бақыттымын,
Саған, Күнім, ырзамын.
Өзіңменен бірге әнім,
Бір жаным.
Туған жердің тамашалап гүлзарын,
Аралайық бақша-бауын,
Жүр, жаным!

Жүрші, жаным!
Бас айналсын бақыттан.
Жүрекжарды жыр сыйлайын жақұттан.
Алдымыздан
Ақ маңдайы жарқырап,
Арайланып келеді, әне,
Атып таң...

Ай-хай, қандай,
Қандай сұлу таң еді!
Таңдай нұрлы мынау Бақыт,
Бақ елі.
Әдемі әлем,
Әдемісің сен, Күнім,
Сен болған соң өмір-дағы әдемі!

Тамашалап
Туған жердің гүлзарын,
Тағы да бір толғанайық,
Жүр, жаным!
Таныс қылған,
Табыстырған біздерді
Таң нұрына,
Тағдырыма ырзамын!

ҚЫЗ ЖАУАБЫ

(Әзіл)

Хатың келді қуаныш хабарын ап,
Алматының сағынтқан самалын ап.
Хатың келді өкпеңді,
Назыңды айтып,
Кезінде көрмесем де саған ұнап.

Дейсің-ау:
«Кішірейсең шығар ма жан?»
(Қол созғам төменнен де шынарға сан).
Ірілікті қайтемін,
Мен кезінде
Кішірейіп те көңліңнен шыға алмасам...

Көңілдің кейбір сәттері

ӨМІР...

Өмір, өмір,
Гажапсың-ау білгенге,
Оны айтуға жетпейтіндей тіл менде.
Есейгенде бір-ақ сені түсіндік,
Байқамаппыз
Балалықпен жүргенде.

Бір-ақ күнде өкінтесің кейде сен,
Шалыс басып,
Артық-ауыс сөйлесем.
Беу-беу,
 сол бір балғын шақ-ай алаңсыз,
Көңіл екеш
Көңілі де жейдешең.

Қайран со бір балғын шақ-ай,
Аңғал шақ,
Неге болсын сене салар,
 таң қалса-ақ,
Дүрдиісіп, ал енді ше, шығамыз
Жоқ нәрсеге жыртып бетті,
Жанжал сап.

КІМ АЙТАР?

Күн деп оны айтар кім,
Күнде жылу болмаса.
Гүл екен деп байқар кім,
Гүлдер сұлу болмаса.

Салқындығы не керек,
Бұлақ мөлдір болмаса.
Ақын жыры не керек,
Көкейге бір қонбаса.

ҚАЙТЕМІН

Жыр жаза алмай жүрмін бе,
Ақтара алмай
ой кенін.
Жарқ етпесем бір күнде,
Жанды қинап
қайтемін?

Бақыт құсы
басқа бұл
Қона қоймас, әй, тегін!
Жазбайтұғын жаста жыр
Жазармын деп
қайтемін?!

ЖҮРЕЙІК ЕКЕУМІЗ ДЕ

(Құрдас қалжыңы)

Құрбы десе —
Жан басқа, қылық басқа,
Тілегім сол:
Әр күнді күліп баста.
Шағынбасын
Аяулың жат біреуге,
Шағылмасын
Сендегі үміт тасқа.

Түсіңбе тек
Сені мені теріс мүлде,
Тұл күнде керек дейсің керіс кімге.
Таласып сәл нәрсеге,
Сөзіңменен
Келіп тұр
Келіспегім...
Келіскім де!

Келіспедім...
Жо-жо-жоқ!
Келістім де,
Тәттілігін
Түсіндім керістің де.
Төбісіп өту үшін тай-құлындай,
Жүрейік
Екеуміз де жер үстінде!

ЖАН ШУАҒЫ

Гүлмираға

Көңілім
Көтеріліп көкке мүлде,
Қуанып,
Құстай ұшып жеткенімде,
Қайтейін, кеш келіппін,
Кез келіппін,
Балбырап тәтті ұйқыға кеткеніңде.

Ұйықтай ғой,
Ұйықта, бөпем, таң атқанша,
Жүзіңе сәулесін Күн жалатқанша.
Жанымды мазаласын тағат қанша,
Шыдайын
Көз ілместен таң атқанша.

Бейкүнә,
Жатқаныңда тербетіле,
Тоймастан қарай берем келбетіңе.
Жаныма шуақ құйып,
Құйттай Күнім!
Нұр шашып тұрғандайсың жер бетіне.

СӘБИИҢДЕЙ ЕДІМ МЕН

Сәлем саған,
ардақты,
алтын жеңешем,
Сағындырып
қойдың сонша неге сен?
Артық деме,
ақ жаныңның бағасы ол —
Алтынға да
бір өзіңді теңесем.

Жеңешелер...
жеңешелер көп қой тым,
Олар барда
қайғы жоқ еш,
жоқ қой мұң.
Анамдайсың,
ардақтысың ал өзің,
Содан ба екен,
Апатай деп ат қойдым.

Болса да ойым
парызымды өтемек,
Уақыт...
уақыт өтіп жатыр,
не керек.

Сәбиіңдей едім-ау мен,
Ал бүгін
Сәбиімді
жүрмін өзім жетелеп!

ДОСҚА СЫР

Кеттің сен деп
көрінбей көпке неге?
Кей-кейде кешіксем мен,
сөкпе, елеме.
Жазбадың деп көп өлең көктемде,
Аяулы дос,
сен маған өкпелеме.

Өмір-өзен
Қатты айдар қайығыңды,
Мен келемін жандармен қайырымды.
Емен-жарқын жүремін
жайбарақат,
Күйінуді білмеймін,
уайымыңды.

Керегі жоқ басқадай амалдың да,
Осындаймын —
осылай жаралдым ба.
Өлеңім бар —
ешкімнен қорсынбаймын,
Қылмысым жоқ
қысылар ар алдында.

Қатарыммен уақытқа еріп келем,
Қуанышым болса егер
бөліп берем.

Тарта ұстаймын тізгінін тұлпарымның,
Желіп өтер өмірден
желікпе емен.

Аз жазсам да
сеземін жырым дәмін,
Билесің ғой өзің де мұның бәрін.
Өлең деген бұл да бір таудағы асу,
Жанталассаң —
қатерге ұрынғаның.

Шарлайтындай жолдардың тіпті бәрін,
Топырағыңда,
туған жер, нық тұрамын.
Өркөкірек тумаған өлеңді
елге
Қарапайым тіліммен ұқтырамын.

Ақтай алмай ақындық борышымды,
Алсам егер тарылтып өрісімді,
Аяулы дос,
аямай қатал болып,
Көлгірсімей,
бергейсің қол ұшыңды.

ОЙ ӨРНЕКТЕРІ

* * *

Ағайын аз тар жерде тіреу болар,
Біреу оған күледі,
біреуге олар.
Жақсы ағайын — жанашыр,
Жаманының
Алғаны — екеу,
бергені — біреу болар.

* * *

Төгілсе қаламымнан
балауса жыр,
Кеудемде айтылмаған қалмаса сыр.
Ұйқасын тауып кетсем
жырларымның
Мәз болып қуанамын
балаша бір.

* * *

Қарашы —
Таң атты тағы да,
Бесіктей әлдилер әр белең.
Балбырап келді өмір бағына
Табиғат сәбиі —
Таң деген!

* * *

Алыпсың
жалған жылап та,
Түскесін алғаш басқа сын.
Құдайым сені
бірақ та .
Шын жылаудан сақтасын!

* * *

Жыр десе егер,
Шабыт оты жалындар.
Дос десе егер,
Құрақ ұшар жаным бар.
Жүрегімнің жауқазыны —
жырларым,
Ал өзімді
Достарымнан таныңдар.

БАУЫРЛАРДАЙ ЕДІК БІЗ

Амансың ба, аяулы дос,
армысың,
Қайда жүрсің,
хабарың жоқ, бармысың?
Аңсаттырып кетесің ғой кей кезде
Жамыратып қиялымның бар құсын.

Айырғысыз
біздер егіз гүл едік,
Сонау күндер түсіме де жүр еніп.
Бауырлардай емес пе едік бір туған,
Өлсе де егер
кететұғын бірге өліп!

Достар қанша жататұғын тартысып,
Біреулер дос —
бөліп ішкен жарты үшін.

Ал біздер ше,
Қиын жерде қажет пе —
Жүректің де бөлер едік жартысын!

ІНІ НАЗЫ

Аға тұтып
хат жазсам да,
ағам жоғын білдім мен,
Аға дер ем —
көңіл бірақ
көргісіз-ау, кір мүлдем.
Аға дер ем —
туысым деп
мені жақын тартты кім,
Аға дер ем —
сезімдер жүр
сездіріп ап жаттығын.

Аға дер ем —
алшақ бүгін
жер мен көктей арамыз,
Жылдан жылға
суық тартып,
суық тартып барамыз.
Кіші болып,
бәлкім өзім
туыс іздеп бармадым,
Күн жылынса
ериді ғой
етектегі қар-дағы.

Хат жазуға
 үлкендік те
 болғаны ма тосқауыл?
Білсең етті,
 есептесіп
 жүрмейтінін дос-бауыр.
Білсең етті,
 туыс барын
 тілегі бір, — білмедің,
Білсең етті,
 кешегі бір
 шыбықтың да гүлдерін!..

БІРЕУГЕ

Күткеніңе кездесе алмай,
 күтпегенге жолығып,
Кейде шалқып отырып та,
 қаласың-ау торығып.
Алға қарай жетелейтін
 жоқ-ау сенде бір арман,
Алдарқатар сенде жоқ қой
 тәтті қиял, зор үміт.

Жан баласы келмес саған
 жағдай сұрап, хал сұрап,
Жатсаң-дағы әл үстінде,
 жүрсең-дағы қалжырап.
Жалының жоқ,
 жарығың жоқ
 түсіретін басқаға,
Жанталасып жүргенің не,
 жандайшауып ал бірақ?!..

Бағына оны балаған.
 Бала тілі
 Балдай тәтті шығар-ау,
 Бала болып
 Туғасын да бар адам!

Қалт-құлт басып
 Жығылғаны,
 тұрғаны —
 Құйттай жанның
 Тірлігінің жұрнағы.
 Сәбиімен
 Бірге құлап,
 бір тұрып,
 Дейді ана:
 «Жүр, құлыным, жүр тағы!»

Қарашы әне,
 Қаз-қаз басып аяғын,
 Жүріп кетті,
 Сүріну жоқ баяғы.
 ...Түсінбейді-ау,
 Сәби бірақ,
 өзі үшін
 Біреу барын
 Жүрген сүйреп таяғын...

* * *

Келе жатыр
 Бір жас жігіт гүл ұстап,
 Күтті ме екен
 Қызық думан,
 тыныш бақ?
 Келе жатыр,
 Көңілінде көп ойлар,

Әлсін-әлі
Кеуде кере тыныстап.

Белгісіз боп
Бақытының жанары,
Бәлкім, ол да
Бағын іздеп барады.
Байқамайды-ау,
(Байқатсын ба тасқын ой)
Жол үстінде
Тұрған сәби — баланы.

Қырсыққанда
Жүре де алмай дұрыстап,
(Қас-қағым сәт...
Жым-жырт маңай, тыныш бақ).
Талпынды, әне...
Тәлтіректеп,
 сол сәтте
Шыға келді
Бір машина бұрыштан.

Жалт бұрылды
Жігіт естіп дауысты.
Таптар ма деп,
Ес қалмады, зәре ұшты.
Атылды кеп
Атқан оқтай,
 апыр-ай,
Құлап барып,
Балдырғанға жабысты...

Арқалап-ақ
Сол сәбиді жүрер ме ед,
Әттең-әттең,

Ұшып түсті-ау, түрегеп.
Қайран жігіт
Қалса да алып сәбиді,
Қапылыста
Болды өзі мүгедек.

Күткен болар
Бәлкім, оны жақыны, —
Кездесуге
Жетпей қалды-ау уақыты!
Бақытсыз боп
Қаларын ол білді ме,
Қорғаймын деп,
Басқа жанның бақытын.

Жанға батып
Аяғының жоқтығы,
Содан бері
Қанша тұнжыр өтті күн.
Жоғалтқан көп
Армандары секілді
Шашылып бір
Сонда қалған шоқ гүлі!

...Ал, сол сәби
Аман қалған баяғы,
Жүр бүгінде
Қаз-қаз басып аяғын.
Біле ме екен,
Бала шіркін,
өзі үшін
Біреу барын —
Жүрген сүйреп таяғын!

* * *

Жанды көрсең:
Шат көңілді, асқақ үн,
Бұлт баспаған
Көңілінің аспанын,
О, адамдар!
Олар — менің ақжарқын,
Сыйлас бір замандастарым.

Қайсар басып
Таудың жақпар тастарын,
Асқан биік
Асулардың асқарын,
Олар — менің
Өрге құштар,
өр мінез,
Ержүрек замандастарым.

Жанды білсең:
Жас ғұмырын,
жас жанын
Қиып кеткен
Бақыты үшін басқаның,
Дәріптеңдер,
О, адамдар,
олар да —
Қимас бір замандастарым!



Екінші бөлім



КЕТІП БАРАМ

Қиялдап келіп өзіңді,
Қия алмай кетіп барамын.
Сағыныш деген сезімді
Тия алмай кетіп барамын.

Шығам ба деген жерімнен
Шыға алмай кетіп барамын.
Сынам ба деген едім мен, —
Сына алмай кетіп барамын.

Үмітім әлде кесілді,
Байқалмай кетіп барамын.
Айтам ба деген кесімді
Айта алмай кетіп барамын.

Сырыңа сенің бүкпесіз
Тоя алмай кетіп барамын.
Жырымның соңғы нүктесін
Қоя алмай кетіп барамын...

ТІЛЕК

Қарайсың неге қадалып,
Кеткендей менде есең бір.
Қайтейін алдап,
таба ғып,
Арбалмай аман-есен жүр.

Біреудің көрер көзісің,
Шығарсың
гүлі алқызыл.
Біреудің — қоңыр қозысы,
Біреудің — бәлкім, жалғызы.

Көруге ғана жаралған
Шығарсың
 мына көз үшін.
Бір жігіт үшін — жаңа арман,
Тағы бір теңеу — сөз үшін.

Тұрсың-ау тегі тақалып,
Өзіңе ұнап
 өз ісің.
Көзіңнен қайтем ақы алып,
Біреудің қоңыр қозысы.

Қарайсың неге қадалып,
Кеткендей менде есең бір.
Қайтейін арбап,
 нала ғып,
Әйтеуір, аман-есен жүр!

ЖІГІТ АРМАНЫ

Сайлап-ақ сөзді...
 Ойнатып тіпті көзімде от,
Кіжініп барып,
 күмілжіп қайтқан кезім көп.
Өзің деп барған
 көңілім қалса құлазып,
Қараймын мынау
 әлемге қайта өзің боп.

«Ақылға» еріп,
 болмас бір жерде боп «мықты»,
Алдында қыздың
 қисынсыз тағы қорқыппын.

Әйтеуір, өзің
шықпай да қалған оқтай бір,
Жүректе мәңгі
жарақат болып орнықтың...

Кей-кейде, ой-хой,
албыртып көңіл, дархан боп,
Сөйлеп те кетем,
сыр айта саған барған боп.
Батыл қыз сен боп,
бақытын маған сақтаған,
Жасықтау жігіт
мен болсам, мейлі... арман жоқ!

СЕНІМ

Жақындай алмай жүрмін мен,
Жандай-ақ саған өкпелі.
Көрінем солай сыртыммен, —
Көңілде кірбің жоқ тегі.

Көруге жақын тіл қатып,
Жасқанам —
жасып қалардай.
Жалт етсе сен боп бір бақыт,
Жоғалтып мәңгі алардай.

Жасық де, мейлі,
сен мені,
Айта алмай жүрген бар сырым:
Көздерің сенгіш —
сенгенім,
Сөздерің сосын —
бал, шырын.

Кеттің сен қанша көзге ілмей,
Қайтейін,
кейде дал болсаң,
Түсінем сені
өзімдей,
Түсінер мені жан болсаң.

ӨМІР ГҮЛІ

Сен пәксің,
Таңдағы дала шығындай.
Сен пәксің,
Сәбидің қарашығындай.

Сен тым шатсың,
Бақытты бала шағымдай.
Сен жұмбақсың,
Белгісіз болашағымдай.

Сен әнсің,
Айтылмай жүрген көптен.
Сен таңсың,
Жанымды нұрмен өпкен.

Сен сәндісің,
Аққудың көгілдіріндей.
Сен мәңгісің,
Солмайтын өмір гүліндей!

* * *

Түндер-ай...
Кейде кеш жатқан,
Көздерге ұйқы тығылып.
Көңілдің отын кеш жаққан
Кеудемде лаулап
 бір үміт.

Сыр айтып сонау өткеннен,
Жолыңнан талай кешіктің.
Қиялдай,
 ұзап кеткенмен,
Жаныңды сенің кеш ұқтым...

Жәудіреп
 нәркес жанарың,
Айтқандай маған сыр күнде.
Нарқыңды білмей, қарағым,
Налытып әлде жүрмін бе?

Мені де
 меңдеп нала-мұң,
Қалғандай қазір құр сұлдем.
Жанымды ұқпай, қарағым,
Жатырқап сен де жүрсің бе?..

Жақын деп жүрген жаныңнан
Өгейлік көрсең,
 жаман-ақ.
Жерім жоқ еді жалынған,
Жөнім жоқ енді табалар.

Қуана келіп табысып,
Қайғырып кеткен
 жаман-ау!

Құлазып көңіл,
қан ысып,
Жанарым — солғын,
жан — алау...

ЖҮР, ЖАРЫМ

Шертіп жүрек сырларын,
Айтып жастық жырларын,
Бірге серуен құрайық,
Кешіп таңның нұрларын.
Аралайық гүл бағын,
Жүр, жарығым,
жүр, жарым!

Тоты құстай таранып,
Таранып шық, сүйіктім.
Шәйі орамал оранып,
Оранып шық, сүйіктім.
Көздеріңнен нұр шашқан
Келеді бір сыр ұққым.

Жас жүректі тербетер
Назбенен кел, сүйіктім.
Шын ғашықты шөлдетер
Жазбенен кел, сүйіктім.
Аралайық жастықтың
Жасыл бағын, гүлзарын,
Жүр, жарым!

АҚ СӘУЛЕ

Аққудайын —
аңсаған ақ айдынын,
Сенсіз қалсам,
кеудемді қамайды мұң.
Сағынғаным шығар-ау,
Өзің жаққа
Қайта-қайта қиылып қарайтыным.

Қайта-қайта
қиылып қарайтыным,
Ол —
өзіңді бағыма балайтыным.
Ақ таңдарда
сені ойлап отырам көп,
Ұйқымды ұрлап көзімнен талай түнім.

Таңмен тұрып,
нұр-сәуле тарайтыным,
Ол да —
менің өзіңді қалайтыным.
Ақ сәулелер —
дір еткен саусақтарың,
Өзіңсің —
Арай Күнім!

ҚИЫН МАҒАН

Мен саған көргенім жоқ мұңымды айтып,
Жақын тартып,

«құпия» сырымды айтып.

Сөз де айтпаппын жанашыр,

жөні түзу,

Өнбей жүрген өзімнің жырымдай түк.

Болса егер бас аман,

миым да аман,

Шабыт буса кеудемді құйындаған,

Жыр жазылар, әйтеуір, жаман-жақсы,

Бірақ, саған тіл қату...

қиын маған!

КІМСІҢ СЕН?

Кімсің, жаным?

Шаттығым ба ең сен менің?

Жарқ еткендей болды-ау қайта

сөнгенім.

Сені алғаш көргенімде,

Апыр-ай!

Сүгірет пе деп көзіме сенбедім.

Қызғалдақтай

Қырмызы бір гүл ме едің?

Көгімдегі

Күлімдеген Күн бе едің?

Бағым ба едің?

Бақытым ба ең сен әлде?

Періште ме ең,

Перизат па ең,

Білмедім....

Сағындым сені
қағазға жасым тамғанда,
Сағындым сені
сағыныштан есім танғанда.
Тұра сап ерте
Таппақшы болғам мен сені
Толықсып атқан таңнан да.

Сағындым сені
аққу-қаз қайтқан көктемде,
Сағындым сені —
сағыныш сазы көп менде.
Бір жұлдыз болып қалмады ма екен деп,
Кей түні
Іздедім сені көз алмай сонау көктен де!

ТҮСІП ЕҢ НЕГЕ КӨЗІМЕ?

Түсіп ең неге көзіме,
Тап болдым несін,
кездейсоқ?!
Табынып өтем өзіңе
Тәңірім деуден өзге ой жоқ.

Көрмеппін жылы сөз айтып,
Не шығар
жалған тілектен.
Үнсіздіктің өзі артық,
Ұғынған артық
жүрекпен!

Түсіп ең неге көзіме,
Тап болдым неге
мен саған?

Көктемді аңсар кезіңде,
Өзіңді менмін аңсаған.

Көркіңе елтіп,
 құмартпай,
Көз салмай сонда кетсемші.
Жүрекке қайғы-мұң артпай,
Көрмей-ақ сені өтсемші.

Көрмей-ақ сені өтсемші!

* * *

Сен менің
Сүйіктім ең, —
Сүйем деп айта алмағам.
Отыңа күйіп кілең,
Саяңда жайқалмағам.

Мен сені
Түсінбедім, —
Еш кінә тақпасам да.
Көремін түсімде кіл,
Өңімде таппасам да.

КҮТКЕНДЕ

Шалғайға бастап сапарың,
Сен кеттің —
сүйіп ұнатқан.
Таба алмай енді
қапамын,
Көз алмай қырдан мұнартқан.

Толғандай жасқа
жанарым;
Танытпай кеттің оң қабақ.
Ұшында сайын даланың
Сен кеттің —
қалдым жол қарап.

Өзекті өртер
жат адам —
Өзгеге қалай қиямын?
Құтылам қалай қападан,
Көз жасын қайтіп тиямын?!

Жә,
жетер осы қинаған,
Егілме енді,
жүрегім.
Әніңді өзің сыйлаған,
Әрдайым айта жүремін.

Өзіңмен дәйім бөліскем
Түнімді,
жаным,
күнімді.
Күн туар қашан көріскен,
Солдырма жасыл гүлімді.

Аймалар
болса қаяу-мұң
Ұқсайсың алтын арайға.
Оралшы жылдам,
аяулым,
Жетсеңші жедел,
жарай ма?

Келе ме
жылжып дидарың
Үстінде әлгі жотаның?
Қайда да
аман жүр,
жаным,
Оң болсын дәйім сапарың!

КЕЛЕР КҮН

Өзіңді, жаным,
Жылатып ала жаздадым,
Уақыт та өтпей қас-қағым.
Жасыма бекер,
О, менің шұғыла-маздағым,
Армандай биік асқағым!

Жасыма бекер,
Жадырап әлі-ақ күн келер.
Көктемің келер
Қырлардан алау гүл терер,
Күтеді сені
Алдыңнан жарқын жаз әлі,
Күтпейді бәрі
Бір қадам бассаң мүлт егер...

Арманда едің,
 Дарқан да едің мен үшін.
 Қаталдау болдым
 Ал өзім, бәлкім, сен үшін.
 Білемін, жаным,
 Мен жоқта саған көңілсіз
 Сен жоқта
 Менің
 Қуанышымның кемі шын!

ҚОШТАСАРДА

(Әні бар)

Тұнжырай түсіп
 біртіндеп,
 Түнердің неге қиналып?
 Кеудеме келген күмбірлеп,
 Төгілмей кетті
 күй нағып?!

Аспан да бізбен түнеріп,
 Жұлдыздар қалды тұлданып.
 Алқымға келіп тіреліп,
 Айтылмай кетті
 сыр нағып?!

Қоштасар шақта көп тұрдық,
 Қимадым,
 неге қинадың?
 Көздерім,
 бәлкім,
 ұқтырды
 Көңілде кеткен
 күй барын.

Уақытты үнсіз өткіздім,
Айта алмай саған шынымды.
Саусақтар әлде жеткізді
Сағынған менің
сырымды.

Қолыңды қысып көп тұрдым,
Бақытым сонда қалғандай.
Оқылмай көбі от жырдың,
Айтылмай кетті
ән қандай?

Жабығып жүрсем жырақта,
Жасық деп мені сына бір.
Қиналтып кетті-ау бірақ та,
Қимастық сезім
жүгі ауыр!..

ҚОРҚАМЫН

Үріктің бе,
Дір етіп, маралым-ау?
Мойыл көзің
Мөлдіреп қарадың-ау!
Қорқамын.
Қорқатыным:
мен өзіңнен
Көз жазып қапылыста қаламын-ау!

Күлкің-ай!
Күмістейін сыңғырлаған.
Көркің-ай!
Көкте ай мен күнді ұрлаған!
Жалт беріп,
Кетермісің түбі бір күн,
Өзірге...
өзірге осы бұлдыр маған.

ҚАЛА БЕРДІ

Жатқан кезде
Таңғы дала маужырап,
Кетіп барам екі көзім жаудырап.
Қала берді
Қоштаспаған сен үшін
«Қош!»
дегендей тау жырақ.

Жүргенімде
Жүрегімде жыр құрап,
Уақыт —
құйын өте шықты бұрқырап.
Қала берді
Сенің күміс күлкіңдей
Бұлақ артта сылдырап.

Қияр едім, —
Қимайтұғын қалды шақ,
Жүрермісің қайта сол бір әнді сап?
Кетіп барам
Бір асылын ұмытқан,
Жоғалтқан да жан құсап...

СЕН МАҒАН

Сен маған
мөлдіреген бұлақтайсың,
Жалғыз-ақ
соған ұқсап сыр айтпайсың.
Өрілген өлеңімнің басысың да,
Шешілмей жүрген көптен
сұрақтайсың.

Сен маған
жеткізбейтін сағымдайсың,
Біресе мың бұралған ағындайсың.
Мен сені арманымдай аңсап жүрем,
Сен мені...
бәлкім, мүлде сағынбайсың?

Сен маған
шешуі көп сұрақтайсың,
Білмеймін:
тауысармын сұрап қайсын.
Жұбатпайсың,
болмаса жылатпайсың,
Әйтеуір,
арманымнан құлатпайсың!

* * *

Махаббатсыз қалай өмір сүремін?
Ол бір жұлдыз —
жарқ етеді түнегің.

Жер бетінде
барлық ізгі жандардың
Махаббаттан жаратқандай жүрегін.

...Таппай тағат,
кетті-ау мүлдем тынышым,
Өтпей уақыт,
өнбей қойды жұмысым.
Неге сонша өректің жүрегім,
Тарылғандай болды-ау тағы тынысым.

Аралдайсың
адам аяқ баспаған,
Алаңдаймын,
өз-өзімнен жасқанам.

Саған қарай жақындар ем, —
Қайтермін
Жүрегімді дір-дір ете бастаған?!.

Кеше, сәулем,
көрдім тағы өзіңді,
Айтсам дедім арнап жүрген сөзімді, —
Қала бердім
қайырлаған қайықтай,
Қалай саған жеткізем бұл сезімді?..

Махаббатсыз қалай өмір сүремін?
Ол бір жұлдыз —
жарқ етеді түнегің.
Жер бетінде
барлық ізгі жандардың
Махаббаттан жаратқандай жүрегін.

БОЙДАҚ ЖІГІТТІҢ ӨЗІЛДЕРІ

1

Жалған, күліп,
не шындап жылай алмай,
Жүргенім тек жер басып,
«құдай алмай».
Қыз көрсем де
қаламын қара басып,
Бағымды да біреудей сынай алмай.

Деме, сәулем:
«Түңілдің мұнша неге?»
Түк білмейтін томырық,
тұмша деме.

Өзіңдей бір қас сұлу жанымды ұғып,
 Қуанбайын —
 Қуантып тұрса, неге!

2

Екінші рет сен үшін келіп едім,
 «Екінші рет қинама мені» дедің.
 Екінші рет
 жаныма батты-ау қатты,
 Сүймейтұғын біреуге телігенің.

Жұбатсам да өзімді
 «бекінші» деп,
 Жүдеп қайттым алдыңнан
 жетімсіреп.
 Екінші рет осымен жолым болмай,
 Сағым сынды-ау осымен
 екінші рет!

Жүдеп қайттым, қайтейін,
 жылап қайттым,
 Үн қатпайтын кім ең сен,
 қуантпайтын?!
 Қатал деген ұстаз да
 шәкірттерін
 Қатарынан екі рет «құлатпайтын...»

КЕТТІҢ ҚАЙДА?

Жоқсың сен...
Жүрсің қайда, жұбанышым?
Өзіңсіз
Кем менің бір қуанышым.
Сезімнің
Сен — сарқылмас бұлағысың,
Жырымның жайқалған жас құрағы үшін.

Қайрылмай,
Кеттің қайда,
 құралайым?
Мен үшін
Біле білсең, бұ да уайым.
Құлатсаң,
Құзар шыңнан құлат мені,
Тек Үміт асқарынан құламайын!

ҚЫЗ АЛЬБОМЫНА

Жадырап оян,
 наз қылып,
Таңдарға артып жақсы үміт.
Жанарыңнан жаз күліп,
Жолдасың болғай
 жақсылық!

Жаныңдай жақсы жыр арнап,
Жыр арнап саған көргем жоқ.
Өзімді
 өзім мың алдап,
Шындыққа және
 сенгем жоқ.

Жол тосқан жандай күні-түн,
Хатыңды күтіп
 сарғайдым.
Сол болып жалғыз үмітім,
Сол болды және —
 бар қайғым.

Түсімде сені көп көрем,
Сарғая сағынғасын ба?
Сағыныш
 бірдей дертпенен,
Мүмкін ғой арылмасым да?!.

Кетерсің әлде шат күліп,
Бақыты жанған құрбыңа.
Кетерсің
 мені жат қылып,
Жат қылып мынау
 жырды да.

Жасырын қалып
 сыр қанша,
Жарқылдап келіп,
 қол берем.
Басқаның күні болғанша,
Жанымның гүлі бол дер ем...

Ақ тілек арнап,
 кезінде
Жыр жаздым, —
 айтар сыр кейін.
Өзіңе бірақ,
Өзіңе
Беташар айтып жүрмейін...

СЕНІ ІЗДЕП...

Сені іздеп
 түнде жұлдыздар
кірпігін ұзақ қаққандай.
Сені іздеп таппай
 шың-құздар
тыныстап бір сәт жатқандай.

Сені іздеп
 әнші құстар да
көмейден мұңын төккендей.
Сені іздеп келіп,
 қыс,
 қар да
жас болып еріп кеткендей.

Сені іздеп
 дала сағыныштан
сарғайып тіпті қалғандай.
...Мені де саған
 алып ұшқан
сағыныш екен армандай.

* * *

Білдім бе мен
 боларын мұның бұлай,
Құлап түстім
 құмартып қылығыңа-ай...
Жылатайын деп сені
 ойлап па едім,
Қамықтырып алдым ба,
 құлыным-ай?!

Қамықтырып алдым ба,
жабықтырып,
Жалықтырып,
немесе зарықтырып.
Маған деген
аяулы сезіміңді,
Сеніміңді
алдым ба тәрік қылып?..

Гүл дегенде
нұрыңды сарып қылып,
Ей, жүрегім,
сырыңды қал ұқтырып.
Сола көрме
мезгілсіз жас шағыңда,
Сөне көрме
алаулап жанып тұрып!

Жылай көрме
опық жеп, айналайын,
Жас жумасын
жүзіңді айнадайын.
Бәлкім, сен де
біреудің бақытысың,
Барыңды ұрлап,
бағыңды байламайын!..

Білгенім жоқ
боларын мұның бұлай,
Құлап түскем
құмартып қылығыңа-ай...
Жылатпаспын мен сені,
жұбатпаспын,
Қамықпа енді,
қаракөз құлыным-ай!

КІМ БІЛСІН

«Теңсің бе маған?»
Неге айттың мұны?
Кім білсін...
Қалт тұрып қалдым,
Болды ғой маған бұл бір сын.
Бозбала қызға
Білдірсе сырын — айып па,
Білдіре алса,
(Ерікті бәрі),
Білдірсін.

Теңмін бе саған?
Теңсің бе маған?
Кім білсін?!
Түсіне білсең:
Саған да маған бұл бір сын.
Жүректің сөзін
Жүрекпен ғана ұғын сен.
Жүректің сырын
Жүректер ғана жыр қылсын!

БІР ТІЛ ҚАТПАЙ...

Жаным десем, —
Жарыңмын деп айтпадың,
Жарым десем, —
Жарығым деп айтпадың.
Гүлім десем, —
Гүлдәуренім демедің,
Күнім десем, —
Нұр-сәулеңмін демедің.
Жауабыңды
Ести алмай келемін.

Жолыңа бұл
Телміремін күні-түн,
Жолығамын
Қалай саған, үмітім?
Сағыныштың
Айтпай жүрсің сен емін,
Мен бәрібір
Бір бақытқа сенемін.
Сені бірақ,
Сендіре алмай келемін.

Бақ орнатып,
Сендірсем бе, шөлдерге,
Айналсам ба,
Әлде айдын көлдерге?
Қайтсем, маған
Шүбасыз шын сенесің?
Көз алдымнан
Кетпей қойды елесің.
Әлі күнге
Бір тіл қатпай келесің...

БІЛМЕЙМІН

Кенжесісің бір үйдің,
еркенісің,
Көркемісің,
содан да еркемісің?!
Көгілдірі аққудың өзің бе әлде,
От-жанарың, әйтеуір, өртеді ішім.

Елессің бе,
Әлде бір ертегісің?
Сұлулықтың сен, бәлкім, ертеңісің?!..

Есім ауып соңыңнан келем жүріп,
Ертпеймісің,
Білмеймін, ертемісің?!

КӨРСЕМ СЕНІ

(Әні бар)

Алаулап алтын арай таң атқанда,
Шұғласын шар тарапқа таратқанда,
Дүние күйге толып баратқанда,
Әлемді Күн өзіне қаратқанда,
Мен сені көрсем деп ем таң атқанда.

Мен сені көрсем деп ем көктемімде,
Ақ нәсер құйып-құйып өткенінде,
Көгімнің бұлты ыдырап кеткенінде,
Құстар да қиқу салып жеткенінде,
Мен сені көрсем деп ем көктемімде,

Бақыттан шалқып тұрған шақтарымда,
Балқып бір бас айналып жатқанымда,
Немесе мұңға терең батқанымда,
Жалғыз қап жастардың гүл бақтарында,
...Көрсем мен сені осынау шақтарымда!

АРМАНЫМНЫҢ АҚ ҚҰСЫ

Қайда сен жүрсің
Қайрылмай көптен, ақ құсым?
Ұяңнан безіп,
Кеттің бе бөтен жаққа ұшып?
Жоқпысың тіпті дүниеде мынау,
Әлде сөн
Бір күні келіп
Басыма қонар бақысың?!

Жоғалма ләйім,
Күлімдеп дәйім кел, Күнім,
Сездірме маған
Көңліңнің қаяу-кемдігін.
Ұмытып ертең,
Ұмытып бәрін кетерсің,
Жабығып жүріп кемді-күн.

Қайғырма ақыр —
Өткенге сол бір...
 Қайтесің,
Қайрылып ақыл,
Кірер ме одан қайта есің?!.
Аман бол әман,
Арманым болған, ақ құсым,
Тілерім осы,
Қай күні болсың,
 қай кешім...

* * *

Мен жәйлі
Білдің бе сен,
Білмедің бе?
Сыр ашсам,
Сырт айналып күлгенің не?!
Қашық қонып барасың
Қайда, жаным,
Ғашық болып өзіңе жүргенімде.

Өмірден
Әлде өшпес отты іздедім,
Өзіңнен
Үмітімді текке үзбедім?..
Аңсаған ақ құсым ең,
Әттеген-ай!
Армандай алыстағы
Жеткізбедің...

САҒАН ДЕГЕН...

Саған деген
сағынышым бар менің
Шөлдеп сусын іздейтінім сияқты.
Саған деген
сенгіштігім бар менің
Жырдан үміт үзбейтінім сияқты.

Саған деген
сыр-лебізім бар менің
Көктемдегі таң самалы сияқты.
Саған деген
бір сезімім бар менің
Сені анаңның аңсағаны сияқты.

Саған деген
тілегім көп осы күн
Арайлы бір аппақ тақым сияқты.
...О, сәулешім!
Бәрі-бәрі осының
Саған деген махаббатым сияқты.

КӨРМЕГЕМ ҚАЛАЙ БҰРЫН МЕН?

Кәусар ма едің ішпеген,
Аққудай әсем құс па ең?
Бақытым ба едің
сен әлде —
Көзіме бір де түспеген?

Жерде ме ең,
әлде көкте ме ең,
Жүректе гүл ме ең көктеген?
Жарығым ба едің сен әлде —
Жаныма шуақ төкпеген?

Көктемде көрген гүлім бе ең,
Көгімде күлген Күнім бе ең?
Жанымды тербеп,
жыр болып
Кеудемде жарған бүрім бе ең?

Көзімнен ұшқан нұрым ба ең,
Көңілде жүрген жырым ба ең?
...Көркем ең, ай-хай сен қандай,
Көрмегем қалай бұрын мен?

Көрмегем қалай бұрын мен?!

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім

Оралам сендер жаққа бір	5
Қазақстаным	6
Биіктік	7
«Туған жерге теңеу...»	8
Парыз	9
Сағыныш	—
Туған жерге	10
«Өзіңсіз...»	11

Бурабай баурайында

Марал мен ақ қайың	12
Айнакөлде	—
Көгершіндерім менің	13
Аққулар	14
Ана туралы сөз	15
Бірінші сөз	—
Екінші сөз	16
Үшінші сөз	17
Сүйемін мен	18
Солдат шинелі	19
Хат	20
Жеміс	21
Сүйініш	22
Таң нұры	23
Қыз жауабы	24

Көңілдің кейбір сәттері

Өмір	25
Кім айтар?	—
Қайтемін	26
Жүрейік екеуміз де	—
Жан шуағы	27
Сәбиіңдей едім мен	28
Досқа сыр	29
Ой өрнектері	31
Бауырлардай едік біз	33
Іні назы	34
Біреуге	35
Бақыты үшін басқаның	36

Екінші бөлім

Сыр	43
Кетіп барам	44
Тілек	—
Жігіт арманы	45
Сенім	46
Өмір гүлі	47
Өзіңе оралғанда	48
«Түндер-ай...»	49
Жүр, жарым	50
Ақ сәуле	51
Қиын маған	52
Кімсің сен?	—
Сағындым сені	53
Түсіп ең неге көзіме?	54
«Сен менің...»	55
Күткенде	56
Келер күн	57
Қоштасарда	58
Қорқамын	59
Қала берді	60
Сен маған	—
«Махаббатсыз қалай...»	61
Бойдақ жігіттің әзілдері	62
«Жалған күліп...»	—
«Екінші рет...»	63
Кеттің қайда?	64
Қыз альбомына	—
Сені іздеп	66
«Білмедім ғой...»	—
Кім білсін	68
Бір тіл қатпай	—
Білмеймін	69
Көрсем сені	70
Арманымның ақ құсы	71
«Мен жәйлі...»	72
Саған деген	—
Көрмегем қалай бұрын мен?	73

ЖУМАГАЛИЕВ МУХАМЕДИЯ
КРЫЛЬЯ МЕЧТЫ

Стихи

(На казахском языке)

Редактор *У. Есдаулетов*
Художник *К. Абдукаримов*
Худож. редактор *Н. Нурмуханбетов*
Техн. редактор *М. Злобин*
Корректор *З. Тулетаева*

ИБ 2379

Сдано в набор 11.02.83. Подписано в печать 17.03.83. УГ19048.
Формат 70×90^{1/32} Бум. тип. № 1. Журнально-рубленая гарнитура.
Высокая печать. Печ. л. 2,375. Усл. печ. л. 2,8. Уч.-изд. л. 2,97.
Тираж 3000 экз. Заказ № 1295. Цена 30 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Типография оперативной и билетно-бланочной продукции производственного объединения полиграфических предприятий «КИ-ТАП» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480016, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 15/1.